



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2019 жыл 13 наурызы

KASE 2019 жылдың ақпан айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2019 жылдың ақпанындағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелерін хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2019 жылдың ақпан айында 11 454,2 млрд теңгені құрап, алдығы аймен салыстырғанда 8,7 % немесе 920,1 млрд теңгеге өсті. Бағалы қағаздар (3 есе) және шет елдік валюталар нарығы (+30,8 %) оң өсу қарқынын көрсетті.
- Бағалы қағаздар нарығында өсім барлық секторларда байқалды: корпоративтік облигациялар секторында – 4,3 есе, МБҚ – 13,8 %, ХҚҰ облигациялары – 2 есе, инвестициялық қорлардың БҚ – 59,8 % және туынды бағалы қағаздар – 4 есе.
- Корпоративтік облигациялар нарығында алғашқы орналастыру көлемі 641,9 млрд теңге.
- KASE Индексінің мәні ақпан айының қорытындысы бойынша 3,8 % өсіп, 2 365,55 нүктеге жетті.
- 2019 жылдың 01 наурызында KASE сауда-саттық алаңында 111 эмитенттің 126 атаулы акциялары және 63 эмитенттің 245 корпоративтік облигациялар шығарылымы саудаланды. Биржаның ресми тізіміне "North Caspian Petroleum" АҚ жай акциялары және "Сауда-саттықтың көтерме-бөлшек кәсіпорындары" облигациялары шығарылымы енгізілді.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 1,5 % өсіп, 15,8 трлн теңгені құрады.
- Биржада айналыстағы корпоративтік борыштың көлемі 4,3 %, өсіп, 11,4 трлн теңгені құрады.
- Ақпан айында алғаш рет "ұзын" валюталық своппен 4,6 млрд теңгеге мәміле жасалды, мәміле бойынша кірістілігі жылдық 7,5 % құрады.
- 2019 жылдың 01 наурызында Орталық депозитарииде жеке тұлғалар ашқан 118 184 жеке шот тіркелді, ол жыл басымен салыстырғанда 360 шотқа артық.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Айдың соңына қарай Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 111 эмитенттің 126 атаудағы акциялары болды, соның ішінде екі шығарылым листингтік емес бағалы қағаздар секторы айналымына жіберілді. Ақпан айында төрт атаулы акциялар: "Kaspi Bank" АҚ жай және артықшылықты акциялары, "Scipio" АҚ жай акциялары және "GLOTUR DS MULTIMEDIA" АҚ жай акциялары (бейлистингтік бағалы қағаздар), "North Caspian Petroleum" АҚ жай акциялары KASE ресми тізімінен шығарылды.

Акциялар нарығын қаржыландыру 1,5 % өсті немесе 234,3 млрд теңгеден 15,8 трлн теңгеге дейін.

Ақпан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 2019 жылдың қаңтар айына қарағанда 13,6 % төмендеп, немесе 1,5 млрд теңгеден 9,8 млрд теңгеге жетті.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 491 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 482, бір мәміленің орташа көлемі – 1 млн теңге.

Есептік кезеңде орналастыру болған жоқ. Жазылым аясында KASE сауда-саттық жүйесінде US_FRHC Freedom Holding Corp. 493 335 жай акциялары бір акцияға 3 047,31 теңгеден 1,5 млрд теңгеге сатылды. 21 қаңтардан 26 қаңтарға дейін KASE өткізілген арнайы мамандандырылған сауда-саттық аясында "Рахат" АҚ акцияларын сатып алу жүргізіліп, 2,3 млрд теңгеге 112,4 мың акция сатып алынды.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 22 ақпанында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ акцияларын сатып алу бағдарламасы кезеңінде брокер қабылдаған клиенттік өтінімдерді толық орындау мақсатында, акционерлермен ақтық есептесулер жүргізу үшін қосымша арнайы мамандандырылған сауда-саттық жүргізілді. Аталмыш акциялардың сатып алу көлемі ақпан айында 571,2 млн теңгені құрады. Барлығы бағдарлама аясында Қазақстан қор биржасында кері сатып алуда жалпы сомасы 15 860 313 600 теңгеге 1 239 087 артықшылықты акцияларын сатып алды.

Инвесторлардың негізгі санатының арасында ең белсенділері жеке тұлғалар болды, олардың шоттарына акциялармен мәміленің жиынтық көлемінің 53,5 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 15,8 % құрады, өзге институциональдық инвесторлар – 0,7 %, өзге заңды тұлғалар – 30,1 %. Екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) акциялармен сауда-саттыққа қатысқан жоқ. Бейрезиденттердің үлесі 30,5 % бағаланады.

ИНДЕКС KASE

Ақпан айында KASE Индексі 3,8 % немесе 87,2 нүктеге өсіп, 2 365,55 нүктені құрады. Аталмыш көрсеткіш бір айда өткен жылдың қаңтар айынан бастап ең жоғары болып табылады.

KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.02.2019	01.03.2019	қаңтарда
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	25 000,00	28 398,99	+13,60%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 899,50	3 187,00	+9,92%
"Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ	HSBK	99,91	104,50	+4,59%
"Кселл" АҚ	KCEL	1 824,60	1 854,00	+1,61%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 405,50	1 400,00	-0,39%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	241,99	237,00	-2,06%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 611,59	1 572,45	-2,43%

KASE Индексінің өсім драйвері есептік кезеңде "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары болды, олардың бағасы бір акцияға 13,6 % өсіп, 28 398,99 теңгені құрады. Ондай өсімнің сипаты қалпына келтіру сипатында. Бір ай бұрын компания миноритарлық акционерлерінің сот талабы аясында өзінің нарықтық қаржыландыруының төрттен бірін жоғалтып алғандығын ескертеміз. Қаңтар айының соңында өзінің 11 айлық минимумға қол жеткізген соң компания қайтадан қалпына келіп, ақпан айының соңында қаңтардағы құлдырауының жартысын қалпына келтірді.

Көрсеткіштер екінші ай қатарынан KAZ Minerals PLC үлестік құралдарын байқатуда. Ақпан айында өндірістік компания акцияларының баға белгілеулері өсімі бір акцияға 10 % құрады, бір акцияға 3 187 теңгеге дейін өсті. 2018 жылдың тамыз айынан бастап жоғарғы мәніне жетті. Бұрынғыдай, оң динамика мыстың бағасы өсуімен қамтамасыз етілді, ақпан айында бағасы 7 % дейін көтерілді. 21 ақпанда компания 2018 жылға қаржы нәтижелерін ұсынды. Компанияның баспасөз хабарламасына сәйкес, 2018 жылы сатудан түскен жалпы кіріс 2,162 млрд АҚШ долларын құрады (+12 %), операциялық кірісі – 851 млн АҚШ доллары (+19 %), еркін ақша ағымы – 585 млн АҚШ доллары (+29 %).

Алдыңғы үштікті 4,59 % қымбаттап, бір акцияға 104,50 теңгені құраған "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ үлестік құралдарымен аяқталады. Банктің акцияларының баға белгілеулері ақпан айының басында он күндік сырғымалы орташа төменнен жоғары деңгейге жеткен соң фаза "өгіз" нарығы фазасына көшті. Инвесторлардың банк акцияларына сұранымы қаржылық есептілікті жариялау және дивидендтік төлем маусымы алдында өсті.

Есептік кезеңде құлдырау болған жоқ. "KEGOC" АҚ жай акцияларының бағасы 2,43 % дейін төмендеп, 1 572,45 теңгені құрады. Компании акцияларының баға белгілеулері өткен айдың соңында қалыптасқан жағдай бойынша ақырындап төмендей берді.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Ақпан айының соңында KASE ресми тізімінде 63 эмитенттің 245 облигациялар шығарылымы енгізілді. Есептік айда KASE ресми тізіміне "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ облигацияларының бір шығарылымы енгізілді. KASE ресми тізімінен айналым мерзімі өтуіне байланысты облигациялардың екі шығарылымы "Цеснабанк" АҚ және "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты "НУХ "КазАгро" АҚ халықаралық облигацияларының бір шығарылымы тізімнен шығарылды.

Айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 4,3 % немесе 475,7 млрд теңгені құрап, 11,4 трлн теңгеге жетті.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілігі индексінің мәні ақпан айында 1 базистік нүктеге ғана төмендеп, жылдық 11 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының жалпы көлемі есептік кезеңде 4,3 есе өсіп, 727,7 млрд теңгеден 948,1 млрд теңгеге жетті. Орташа күндік көлем 47,4 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәміле саны – 12, бір мәміленің орташа көлемі – 4,1 млрд теңге.

Алғашқы нарықта сауда-саттық көлеміірі орналастыру есебінен 6 млрд теңгеден 641,9 млрд теңгеге өсті:

- "Проблемалық несие қоры" АҚ 15 жылдық облигацияларды FPKRb2 жылдық 9 % орналастырып, 604 млрд теңге тартты;
- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ қысқа мерзімді (301 күн) облигацияларды BASPb2 жылдық 9,7499 % орналастырып, 5 млрд теңгені тартты;
- "КазАгроқаржы" АҚ өтеу мерзімі 4,8 жылға дейінгі облигацияларды жылдық 12 % орналастырып, 4,2 млрд теңге тартты;
- "Фазтон Компаниясы" ЖШС жеті жылдық облигацияларды жылдық 10,5 % тартып, 1,7 млрд теңгені орналастырды;
- "Нұрбанк" АҚ жеті жылдық облигацияларды жылдық 10,95 % орналастырып, 10 млрд теңге тартты;
- "Кселл" АҚ өтеу мерзімі 1,9 жылдық облигацияларды жылдық 11,5 % орналастырып, 17 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 1,3 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлар – 97,2 %, заңды тұлғалар – 1,4 % болды, жеке тұлғалардың қатысуы кем дегенде 0,1 %. Резидент еместердің үлесі 0,2 % құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 42,8 % өсіп, немесе 91,8 млрд теңгеден 306,3 млрд теңгеге жетті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі бойынша ЕДБ үлесі – 49 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 0,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 50 %, заңды тұлғалар – 0,1 %, жеке тұлға 0,1 % болды. Резидент еместердің қатысуы – 0,2 %.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны 1 % төмендеп, немесе 113,9 млрд теңгеден 11,5 трлн теңгені құрады.

Ақпан айында KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 139,6 млрд теңгені құрап, алдыңғы аймен салыстырғанда 13,8 % артып немесе 19,2 млрд теңгеден 158,9 млрд теңгеге жетті. Орташа күндік мәміле саны 4 құрады, бір мәміленің орташа көлемі 1,9 млрд теңге.

МБҚ қайталама нарығының көлемі 6,9 % немесе 8 млрд теңгеге өсіп, 123,9 млрд теңгені құрады. Есептік кезеңде мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында Астана қаласының жергілікті атқарушы органдары мен Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары жылдық 0,35 %-бен 22,7 млрд теңгені тартты. Қалған көлемін – 101,2 млрд теңгені – Қаржы министрлігі ұзақ мерзімді облигациялардың төрт шығарылымын орналастыра отырып, жылдық 8,66–8,74 % тартты. Қаңтарға қатысты Қаржы министрлігінің қаржы тарту көлемі 12,6 % немесе 14,6 млрд теңгеге төмендеді.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша МБҚ институционалдық инвесторларға 81,7 % құрады, заңды тұлғаларға – 18,3 %. Резидент еместер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 47,2 % өсті немесе 11,2 млрд теңгеден 35 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтың жалпы айналым көлемінен 99,3 % Ұлттық Банктің ноттарына келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ 41 % құрады, 4,7 % – брокер-дилерлерге, 17,2 % – басқа институционалдық инвесторларға, 36,8 % – өзге заңды тұлғаларға және 0,4 % жеке тұлғалар игерді. Резидент еместер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 19 шығарылымы болды. Ақпанда KASE тізімі тағы да Евразиялық даму банкі, Европалық қайта құру және даму банкі және Халақаралық қаржы корпорациясы үш облигациялар шығарылымымен толықтырылды.

ХҚҰ секторындағы сауда-саттық көлемі 2 есеге немесе 32,3 млрд теңгеден 62,9 млрд теңгеге өсті. Барлық көлемі алғашқы нарыққа келді:

- IFC екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 8,95 % орналастырып, жазылым арқылы 22,9 млрд теңгені тартты;
- Евразиялық даму банкі үш жылдық облигацияларды жылдық 9,7 % орналастырып, 20 млрд теңгені тартты;
- Еуропалық қайта құру және даму банкі жазылым арқылы жеті жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 1 % маржамен орналастыра отырып, 20 млрд теңге тартты.

Барлығы осы сектордағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі 6,6 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 0,05 %, басқа институционалдық инвесторлар – 52,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 40,7 % құрады.

Инвестициялық қорлардың үлеспұлдары

01 наурыздағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Сауда-саттық көлемі 59,8 % өсіп, 30,8 млн теңгеге жетті. Көлемі бойынша көшбасшылар State Street Global Advisors басқаруындағы US_SPY_ үлеспұлдары болды (11,2 млн теңге; 7 мәміле), екінші және үшінші орындарда "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы – CSECgm (8 млн KZT; 1 мәміле) және CSECfe (6,9 млн KZT; 8 сделок) үлеспұлдары болды, ал төртінші орында – FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF қосалқы қорының IE_FXBF акциялары орналасты (KASE Индексіне ETF; 4,7 млн теңге; 23 мәміле).

Инвесторлардың негізгі құрылымы бойынша жеке тұлғалардың үлесінде 60,4 %, 24,5 % – брокер-дилерлер және 15,2 % – өзге заңды тұлғалар.

Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғаларды жеке шоттары

2019 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалармен ашылған 118 184 шот тіркелген болатын, бұл бір ай бұрынғы көрсеткіштен 502 шотқа артық және жыл басынан бастап 1 360 шотқа артты.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Ақпан айында Қазақстан қор биржасының шетел валюталарының нарығында өткен сауда-саттыққа 26 KASE мүшесі қатысты.

Шетел валюталары сауда-саттығының көлемі 1 007,9 млрд теңгеге жетті, бұл көрсеткіш алдыңғы айдан 30,8 % немесе 237,3 млрд теңгеге артық. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 50,4 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 306, бір мәміленің орташа көлемі – 164,8 млн теңге.

Экономиканың сыртқы шоқтары болмауына байланысты, ұлттық валюта әдеттегідей Биржада саудаланатын, валюталық жұптарға қатысты нығайды. 2018 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша экспортерлер салықтар төлеген кезеңнің әсері, АҚШ долларының сауда-саттықтарының көлемінің ұлғаюымен белгіленіп, теңге АҚШ долларына қатысты 1,3 %-ға күшейді.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшада бағамның алдыңғы аймен салыстырғандағы өзгеруі, бағамның өзгеруі номиналды көрсетілімдегі шетел валютасының теңгеге қатысты биржалық орташа сараланған бағамының өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда- саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдары, бағасы белгіленетін валютаға базалық валютаның саны	Айдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	2 659,8 (+31,6 %)	99,4 % (+0,33 %)	5 959 (+968)	373,56–382,74	374,96 (-1,3 %)
RUB/KZT	531,6 (+11,7 %)	0,3 % (-0,05 %)	96 (+11)	5,6680–5,8308	5,7100 (-1,8 %)
CNY/KZT	21,2 (-25,1 %)	0,1 % (-0,09 %)	49 (-18)	55,1617–56,5789	56,2100 (-0,6 %)
EUR/KZT	3,7 (-41,7 %)	0,2 % (-0,20 %)	13 (-2)	423,13–431,50	426,70 (-2,6 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақпан айының соңына қарай TONIA индикаторы өзгерусіз болып, жылдық 8,25 % деңгейінде тіркелді – ақпанның аяқталған 20 сауда-саттық күнінен 13 сауда-саттық күнінде TONIA индикаторы үшін осы деңгейде болды. TWINA индикаторының мәні (мерзімі жеті жұмыс күнді құрайтын, репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 1 б.н. төмендеп, жылдық 8,25 % құрады.

Бір күндік SWAP-1D (USD) долларлық своптың кірістілігі қараша айының соңында жылдық 7,05 % жетіп, бір айда 155 б.н. көтерілді. Сондай-ақ екі күндік SWAP-2D (USD) своптың кірістілігі 77 б.н. өсіп, жылдық 7,61 % құрады.

Ақпан айында айында KazPrime-3M (KZT) индикаторы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің жоғарғы шегіне қарай жылжуын жалғастырып, жылдық 10,25 % деңгейінде тоқтады.

USD/KZT валюталық своп операциялары мен, бір жұмыс күнге ашылған, МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәмілелердің көлеміне қатысты орташа сараланған мән болып табылатын, ақша нарығының MM_Index, ақпан айының соңында 9 б.н. өсіп, жылдық 8,24 % құрады.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 6,3 трлн теңгені құрады, бұл өткен айдың көрсеткішінен 2,9 % жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі қараша айында 315,8 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 358, бір мәміленің орташа көлемі – 882,9 млн. теңге болды.

Репо ашылу операцияларының жалпы көлемінен 98,1 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 91,5 % құрады.

Жалпы қараша айында репо нарығындағы мәмілелер жасасуға Биржаның 43 мүшесі қатысты. Осы сегменттегі сауда-саттықтың жалпы айналымының 87 % астамы банктерге тиесілі. Резидент еместердің есептік айда қатысу үлесі 0,5 % құрады.

Валюталық своп нарығы

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 8,4 % азайып, 3 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 147,5 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 50, бір мәміленің орташа көлемі – 3 млрд теңге болды. Валюталық своп нарығындағы құралдық құрылымы сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі 79,9 % (2,4 трлн теңге немесе 6,2 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT_0_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап Биржада, АҚШ доллары / қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты, орындау мерзімі бір апта, бір ай және үш ай валюталық своп операцияларының сауда-саттықтары ашылды. 26 ақпанда "ұзын" валюталық своптардың бірінші мәмілелері жасалды – бір апталық своптармен жасалған бір мәміленің сомасы 5 млн АҚШ долларын құрады (1,9 млрд теңге) және апталық своптармен екі мәміле жасалды, олардың сомасы 7 млн. АҚШ долларын құрады (2,6 млрд теңге). Барлық мәмілелер жылдық 7,5 % мөлшерлеменен жасалды.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Қараша айында фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Наурыз айының басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздардың сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орынды, және FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының және своп операцияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz